

ТРАНСЛИНГВАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ МОДЕЛІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

Л.Ә. ИБРАЙМОВА*

Түйіндеме: Мақалада қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда транслингвалды әдісті қолданудың моделін жасау туралы жазылған. Транслингвалды аспектіде оқытудың тиімділігі мен зарары болуы мүмкін тұстары және оны шешу жолдары жан-жақты талданып, екінші тілді транслингвалды әдіспен оқыту моделі ұсынылды. Қазақ тілін түркімен студенттерге меңгерту тәжірибесіне сүйеніп, транслингвалды оқыту қағидаларына, атап айтқанда біртұтас қарым-қатынас қағидасы, динамикалық тілдік орта, код ауыстыру және көптілділік, когнитивтік және әлеуметтік даму қағидасына негізделген оқыту кезеңдері қарастырылды. Сонымен бірге қазақ тілін транслингвалды аспектіде үйретудің моделі кезеңдерге бөлініп сипатталды. Олардың әрқайсысының оқу процесіндегі рөлі мен маңыздылығы талқыланды. Оқыту моделі төрт кезеңге бөлінді: дайындық кезеңі, интербелсенді үйрену, практикалық қолдану, бағалау және кері байланыс кезеңдері. Транслингвалды аспектіде оқытудың әр кезеңінде қолданылатын әдістер мен педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыратын жұмыстар тілді тиімді оқытудың кепілі болмақ. Әр кезеңді түсініп, материалдарды даярлау және оны жүзеге асыру үшін оқытушының өзі де транслингвалды оқытудың мәнін түсініп, қосымша тілдерді білуін қажетсінеді. Зерттеу нәтижелерін тілші мамандар қазақ тілін ғана емес, өзге тілдерді транслингвалды аспектіде оқыту үшін теориялық негіз етіп алуы мүмкін. Зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім ҒК қаржыландырған АР23487324 «Қазақ тілін түркітілдес студенттерге цифрлық технологиялар негізінде транслингвалды аспектіде оқыту», 2024-2026 ж. жобасы аясында жазылды.

Тірек сөздер: транслингвалды , оқыту моделі, көптілді, код-ауысу, екінші тіл

The Model and Principles of Translanguaging-Based Instruction

Abstract: This article explores the development of a model for implementing the translanguaging method in teaching Kazakh as a second language. The effectiveness of the translanguaging approach, its potential drawbacks, and possible solutions are thoroughly analyzed, leading to the proposal of a structured model for second-language acquisition through translanguaging.

Based on the experience of teaching Kazakh to Turkmen students, the study examines different stages of translanguaging-based instruction, which are grounded in key principles such as holistic communication, a dynamic linguistic environment, code-switching and multilingualism, as well as cognitive and social development. Furthermore, the article outlines the phases of the proposed translanguaging model and their role in the educational process.

The model consists of four main stages: the preparatory stage, interactive learning, practical application, and the assessment and feedback stage. The pedagogical strategies and methods employed at each stage of translanguaging-based instruction contribute to the effective acquisition of the target language. For successful implementation, instructors must not only comprehend the essence of translanguaging but also possess proficiency in additional languages.

The findings of this study can serve as a theoretical foundation for linguists and educators, not only in teaching Kazakh but also in applying the translanguaging approach to other languages.

The research was conducted within the framework of the project АР23487324, "Teaching the Kazakh Language to Turkic-Speaking Students in a Translanguaging Aspect Based on Digital Technologies," funded by the Committee of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2024–2026.

Key Words: translanguaging, teaching model, multilingualism, code-switching, second language

Кіріспе

Шетелден Қазақстанға оқуға келетін студенттердің басым көпшілігі қостілді болып келеді. Олар көбіне өз ана тілдерінен бөлек, халықаралық (ағылшын, орыс т.б.) тілдерді де меңгерген болады. Алайда қазақ тілін білу деңгейі өте төмен, олар қазақ тілін бастапқы деңгейден бастап үйренеді. Бірнеше тілдерді қатар меңгеріп, тілдік қарым-қатынас жасаушы білім алушыда лингвомәдени тұрғыдан субстраттық және адстраттық тоғысулар пайда болады. Ал қазақ тілін үйренуші түркітілдес білім алушыларға адстраттық факторлар әсер етеді. Тілді үйретуде тек алғашқы ана тіліне сүйеніп оқыту қазір қолданыстан шығуда. Оның орнына сөйлеушінің білетін екінші, үшінші тілдерін қолданып оқыту әдісі кең қолданылуда. Мұндай жағдайда екінші тілді меңгертуде транслингвалды әдістерді қолдану мүмкіншіліктері өте жоғары. Екінші тілді үйренуге

* Ф.ғ.к., қауым. профессор м.а.

арналған транслингвалды тәсіл бір тілдің негізінде оқытуды емес, тілдердің табиғатының өзара байланысын мойындай отырып, әр түрлі тілдің контекстінде ойды жеткізуге көмек береді. «Транслингвалдық» көптілді ресурстарды әдейі қолданатын әдіс ретінде де қарастырылады (Brinkschulte & т.б., 2018). Sitong Wang (2022) транслингвалы әдісті жазылым әрекетінде қолданудың тиімділігін көрсеткен. Түркі тілдес білім алушылардың ортақ тарихи байланысы, тілдік, мәдени ұқсастығы дәл осы әдісті қолдану аса тиімді деп есептейміз (Sitong Wang, 2022).

S.Canagarajah транслингвизмнің негізгі белгісі ретінде қарым-қатынас кезінде екі немесе одан да көп тіл білетін адамның «бір лингвомәдениеттен екіншісіне жайлап өтуін», «лингвомәдениеттердің арасында ассимиляцияның болмауын» атайды (Canagarajah, 2011: 31). Қостілділік пен көптілділіктің қоғамда атқаратын қызметі әртүрлі. Тілдерді қолдану аясына қарай кейде бірін көбірек, бірін аздап қолдануы мүмкін. Сол сияқты тілдерді тең дәрежеде, бір уақытта қолдану да мүмкін емес. Мұндайда көптілді не қостілді адам тілді тиімді алмастырып отырады. Оны «тілдік режим» деп атаған (Green & Li, 2014).

Транслингвалды оқытуда оқытушының да қостілді болғаны жөн. Себебі білім алушы мен екінші тілді үйрететін оқытушының ана тілі басқа, бірақ өзара байланыс жасайтын «көпір» тіл мүлде басқа тіл болуы мүмкін. Xuan Zheng педагог көптілді дағдысын педагогикада тиімді қолдана алады дейді. Сөйте тұра ол өз мақаласында оқытушылардың екінші тілде сөйлеудегі акцентін кей жағдайда студенттердің дұрыс қабылдамайтындығын айтқан (Xuan Zheng, 2017).

Sartika Sri Rahayu мен Dewi Rochsantiningsih оқытушылардың сабақ кезінде ана тілі (L1) мен үйренетін (L2) тілін біріктіріп оқытады және ол жаңа концепцияларды меңгертуге көмектеседі, сабақ кезінде кодтардың ауысуы әдісін қолданып, сөздік арқылы сөздерді аудартып, интербелсенді дағдыларын жақсартатынын көрсеткен. Авторлар зерттеу жұмысында «транссемиотизация» тәсілін қолданған. «Транссемиотизация» тәсілінде сабақты қызықты өткізіп, студенттің түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыратын семиотикалық ресурстарды, мысалы, жест, ым-ишара, суреттер, видеолар мен түрлі цифрлық құралдар қолданылады. ЫМ-ишаралардың дұрыс қолданылуын үйрету элеуметтік-мәдени ортаға бейімделуіне септігін тигізеді (Sartika Sri Rahayu, Dewi Rochsantiningsih, Sumardi, 2023). Akhmad Hairul Umam және т.б. авторлар дәстүрлі бір тілмен жұмыс жасау тәсілінен шығып, тілді қолдануда түрлі мультимодальды ресурстар арқылы инклюзивтік пен құзыреттілікті дамытатын транслингвалды оқытудың моделін ұсынады. Тілді қашықтан оқытудың өзіндік қиыншылықтары бар. Аталған еңбекте түрлі вербалды, семиотикалық және мультимодальді ресурстарды кеңінен қолданып, қашықтан транслингвалды аспектіде оқытуға болатындығын көрсетеді (Akhmad Hairul Umam т.б., 2023). Бұдан түйетін ой: транслинвалды оқыту тәжірибесі білім саласындағы интернет ресурстарды синхронды және асинхронды түрде гибридті қолдануға болады деген сөз.

Транслингвалды модельді екінші тілді оқытудағы педагогикалық әдіс-тәсілдерінің бір бөлігі ретінде қарастыруға болады. Akhmad Hairul Umam тілдерді бөлмей, оқуға қызықтырып, тілді түсінуі үшін біртіндеп бір-бірімен ұштастыру керек дейді. Тіл үйренушінің ана тілінде қалыптасқан тілдік сауаттылығын екінші тілді үйрену үшін фундамент ретінде қолданып, тіл үйренушінің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді ұсынады. Мұғалімдермен жасаған эксперименттік зерттеулерінің нәтижесінде олардың сабақ кезінде өз ана тілі мен екінші тілдегі дыбыстық ұқсастықтарды салыстырып, айтылым дағдыларын жақсартатынын, білім алушының тілдік қажеттілігі мен контекстке негізделген аударма жасау стратегияларын қолданатынын анықтаған (Akhmad Hairul Umam, 2022).

Santi Agustin және Ribut Wahyudi еңбектерінен транслингвалды әдісті сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта да қолдануға болатындығын байқауға болады. Сапалық әдіс арқылы жасаған зерттеулерінде білім алушының көп тілді қолданып, презентация жасау кезінде қорқынышын азайтады. Сонымен қатар эксперимент кезінде бір респонденттің бұл әдісті тым көп қолданса, ағылшын тілін үйрену дағдыларына кедергі келтіруі мүмкін деген болжамын жазған (Santi Agustin, Ribut Wahyudi, 2024).

Тілді транслинвалды аспектіде оқытудың моделін жасаудың негізгі қағидалары бар. Бұл қағидалар тілдердің интеграциясын барынша тиімді жүргізуге және екінші тілді үйренуде тілдік кедергілерді табиғи жолмен шешуге көмектеседі.

1) Біртұтас қарым-қатынас қағидасы. Тіл үйренуші тілдік қарым-қатынасты біртұтас жүйе ретінде қарап, өзі білетін барлық тілді қарым-қатынас құралы ретінде барынша қолдана алуы керек. Сабақ барысында оқытушы студенттермен өзара қарым-қатынас жасау, ойын білдіру кезінде тек бір ғана тілде сөйлеуге тыйым салмай, әр түрлі тілде еркін қолдануға мүмкіндік береді. Аударма жасағанда бір тілдегі сөздерді сөзбе-сөз ойды ғана жеткізіп емес, мағынасын ашып, мазмұнына жете түсіндіреді. Сол сияқты мәтінді тек бір тілде оқып қоймай, бірнеше тілде салыстырып аударған тиімдірек. Тілді меңгертуде коммуникацияның түрлі стратегиялары бар (Sutiono, 2023). Атап айтқанда, қатысымның жүйелілігі, қатысым құралдарын дұрыс таңдау, уақытты басқару, оңтайлы әдісті таңдау (сөйлегенде түсінікті әрі қарапайым тілмен жеткізу) сияқты стратегиялар екінші тілді меңгертудегі айтылым тапсырмаларын құрастырғанда ескеруді қажет етеді.

2) Динамикалық тілдік орта қағидасы. Тіл – қоғамның барлық саласында өз функциясын атқаратын құбылыс. Тіл арқылы бүкіл ойды жеткізетін болсақ, оның қоғамдағы атқаратын қызметі анық бола түседі. Мысалы, қазақ тілі ҚР-ның мемлекеттік тілі ретінде азаматтарға қазақ тілін білу талап етіледі. Егер мемлекеттік қызметке алынатын болса, қазақ тілінен емтихан тапсырады. Яғни ресми ғана емес, бейресми жағдайда, тұрмыстық қажеттіліктен бастап, академиялық қазақ тілінің деңгейіне жетуі қазақ тілін үйренушінің динамикалық қағиданы дұрыс ұстанғанын білдіреді. Тіл үйренуші элеуметтік желілерді қоса алғанда жазбаша, ауызша қарым-қатынасты шынайы тілдік ортада жүзеге асырып, сөйлеу дағдыларын дамытады. Екінші тілді үйрену Қазақстандағы білім беру жүйесінде шетелден бастапқы деңгейді меңгерместен келіп оқуға түседі. Сол себепті ЖОО-да шетелдіктерге қазақ тілін екінші тіл ретінде бастапқы деңгейден бастап оқытады. Батыстың көптеген танымал ЖОО-на ағылшын тілінің жоғары деңгейін білсе ғана оқуға қабылдайтын талаптарын ҚР-ның жоғары білім беру ережелеріне енгізуді қолға алған жөн деп санаймыз.

3) Код ауыстыру және көптілік қағидасы. Осы әдісті енгізген зерттеушінің ойынша екі немесе одан да көп тілдерде сөйлеуге, жазуға мүмкіндік беріледі (Myers-Scotton, 1993). Код-ауыстыру – толыққанды екінші тілде сөйлеуге ауысып кетуді емес, белгілі бір элементтердің ауысуын білдіреді. Қазақстан «Үштұғырлы тіл» саясатын әлі де жалғастыруда. Ол саясат барлық білім алушыларға орыс, ағылшын тілдерін ана тілімен қатар меңгертуді көздейді. Әзірше оның сәтсіз жоба екендігін зерттеушілердің мақалаларымен дәлелдеуге болады (Gabit Kaiyrzhanuly т.б., 2024). Қазақстанның тарихында 70 жылға жуық орыс тілінің басым тіл болғаны баршаға мәлім. Халық тығыз орналасқан негізгі үлкен қалаларының бәрінде орыс тілінде қарым-қатынас жасап, мемлекеттік қызметке орналасу үшін орыс тілін еркін білу керектігі, ата-аналарының балаларымен орыс тілінде сөйлесуі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде статусының дұрыс сақталмайтындығын көрсетеді. Қазіргі уақытта орыс тілінде сауатсыз сөйлейтін, өз ана тіліне де шорқақ қазақтардың көбеюі социоллингвист ғалымдардың зерттеулерінде айтылып жүр. Жұлдыз Смағұлованың зерттеуіне сүйенсек, орыс тілінің қоғамдағы орны әлі де басым тілге жатады екен (Smagulova, 2008). Қазақ тілінің әдеби нормасы сақталмайтындығы, тіпті ағылшын және орыс тілдерімен шұбарлануы тіл тазалығы мен

өміршендігіне үлкен қауіп тудырып тұр. Демек код-алмасу әдісін ана тілін толыққанды меңгермеген, бір тілде әдеби нормаға сай еркін сөйлей алмайтын ортада қолдануға болмайды. Тек өз ана тілінің грамматикасын, тілдік нормасын жақсы меңгерген тұлғаға ғана қолдануға болады деп есептейміз.

Әдетте «код-ауыстыру» қағидасы бойынша көптілді адам бір сөйлемде бірнеше тілдің элементін қолданады және ол табиғи құбылыс ретінде қарастырылады. Кодтардың алмасуы аудармадан бөлек грамматикалық тапсырмалар арқылы да жүзеге асырылады. Дыбыстық ұқсастық, сөздегі, сөйлемдегі ұқсастықтардың негізінде ассоциативтік сөздіктер жасалып, тапсырмаларды құрастырғанда, мысалы, сұрақты бір тілде қойып, жауабын екінші тілде беру немесе жауабын екінші тілде жанына қойып, оның аудармасын табу сияқты түрлі тапсырмалар жиынтығы жасалады. Дәл қазіргі уақытта Сәтбаев университетінде түркімендерге арналған А1 деңгейдегі Қазақ тілі оқулығы осы жүйемен жазылуда.

4) Когнитивтік және әлеуметтік даму қағидасы. Әлеуметтік даму қағидасын «көпмәдениетті» қағидасы деп атауға да болады. Транслингвалды оқытуда студенттің тек тілдік дағдылары ғана емес, когнитивтік дамуын, әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді. Бірнеше тілді қатар меңгерген соң, онда көп мәдениеттілік пен толеранттық, басқа ұлттардың мәдениеті мен өзіндік ерекшеліктеріне құрметпен қарау, сыйлау қағидаларын екі жақты, яғни оқытушы да, студент те білуі қажет. Оқулық жазғанда жаңа тілдік дағдыларды өмірде қолдануға бағытталған түрлі жағдаяттық тапсырмалар, диалог, мәтіндер мазмұны осы принципке орайластырылып құрастырылады. Лингвоелтанымдық мәтіндер мен диалогтар студенттің ана тіліндегі мәдениетімен, құндылықтарымен салыстыру, екінші тілдегі мәдени ұқсастықтарды табу – сол тілге «енудің» (language immersion) бір түрі. Когнитивтік және әлеуметтік дамуына ықпал ететін тапсырмалар креативті, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектесетін әдістерге сүйенеді. Түрлі мәдени контентті қолдану үшін фильмдер, музыка, кітаптарды оқыту пайдаланылады. Сонымен қатар жергілікті музейлерге, кітапханаларға апару, басқа университеттің студенттерімен тәжірибе алмасуға арналған жобалар жасату т.б. тілдік ортада тілді оңай үйренуіне көмектесуі мүмкін.

Когнитивтік қағидалар туралы айтқанда мидың табиғатына мән бермеске болмайды. Адамның сөйлеу қабілеті ассоциация тәсілі бойынша қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді жадыда орналасқан лексикалық бірліктер мен грамматикалық парадигмаларды таңдай алуымен байланысты (Колшанский, 1983). Bialystok бастаған бір топ ғалымдардың ойынша, тілді сұрыптап қолданғанда қостілді тұлғалардың миының орындаушылық жүйесін үнемі басқарып отыру оларға когнитивтік артықшылық береді (Bialystok, 2004: 24)

Ofelia, García мен Li, Wei ойынша, «тілдерді білетін адамның аударма жасау қабілеті олардың тәніне жазылған, түрлі әлеуметтік және семиотикалық контексте өмір сүріп, өз сияқты тіл білетін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қостілді тұлғалар динамикалық мобильді ресурстарға айналып, жаһандық және жергілікті жерде болатын әлеуметтік жағдайларға бейімделе алады» (Ofelia, García, Li, Wei, 2014:27-28).

Код-алмастыруды тым көп қолданудың тиімсіз жағы да бар. Адам шаршағанда, бір нәрсеге зейіні төмендеген уақытта түрлі грамматикалық, лексикалық тұрғыдан шатасуы мүмкін. Себебі адамның миы көбіне өз ана тілінде сөйлеуге бейімделген. Күнделікті қарым-қатынаста тілдерді араластырып сөйлеуден арылудың жолы ретінде әр тілге жеке-жеке көбірек уақыт бөлу керек. Адамдармен қарым-қатынас жасағанда, мысалы орыс тілінде сөйлейтін адаммен мейлінше орысша, қазақша сөйлейтін адаммен қазақ тілінде ғана араластырмай сөйлеп үйрену керек.

Jubin Abutaleb мен Brendan S. Weekes «Жаһандану дәуіріндегі қостілділіктің когнитивті неврологиясы» атты еңбегінде ми әр түрлі тіл туралы ақпаратты қалай

өңдейтіні туралы жазған. Қостілді адамдарды сөйлегенде олардың миындағы нейрондардың механизмін зерттеп, олардың ана тілінде және басқа тілде сөйлегенінде түрлі нейрондар белсенді бола бастайтынын айтады. Қостілділік мидың құрылымы мен қызметіне қалай әсер ететінін, когнитивтік бақылау мен серпімділігін зерттеп, кейбір адамдарға шексіз әсер ететінін дәлелдейді. Қостілділік когнитивтік қабілетті жақсартып, әсіресе ақпараттарды өңдеу, дау-жанжалдарды шешу қабілеті тіпті ерте жастан дамытады. Бақылау мен зейінді талап ететін мәселелерді шешуде бір тілден гөрі қостілді жиі озады. Ең бастысы қостілділік жас ұлғайғанда когнитивтік қабілеттің төмендеуі мен деменцияның алдын алады. Екі тілді үнемі қатар қолданғанда нейрондық байланыстарды күшейтіп, олардың серпімділігі сөзді өңдейтін бөлікпен байланысты сұр сұйықтықтың құрылымының өзгеріп, нығая түсуіне ықпал етеді. Себебі бір тілден екінші тілге жиі ауысып отыру миды үнемі мониторинг жасап, бақылау жүргізіп отыратын қызметін күшейтеді. Екі тілдің де өзіндік табиғаты болғандықтан, бір тілді адамдардікінен гөрі қостілділерде нейрондық байланыстардың тамыры кең жайылады (Jubin Abutalebi, Brendan S. Weekes, 2014).

5) Контекстке негізделген оқыту қағидасы. Жаңа тілді оқытқанда нақты өмірлік мысалдармен сәйкестендіріп оқытқанда тиімділігі артады. Әрбір студенттің оқитын кәсіби саласына арналған тапсырмалар құрастыру елімізде бұрыннан бар. Мысалы, медицина, заң, бизнес, ғылым т.б. салаларды енгізіп, түрлі модульдер құрастыратын болса, студенттің тілдік деңгейі көтеріле түсетіні анық. Тапсырмалардың түрі сөйлеу әрекетінің барлық түріне қатысты, айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалымға негіздеуге болады. Мысалы, эссе, сұқбат, пікірталас, презентация жасатуды сабақ үдерісінде қолдану қазір жаңалық емес.

Транслингвалды оқыту моделін жасауда байқалғаны: мақалада көрсетілген қағидалар тілдерді қолданудың табиғи сипатын сақтай отырып, студенттердің тілдік дағдыларын барынша тиімді дамытуға көмектеседі.

Транслингвалды аспектіде екінші тілді оқыту туралы зерттеу жұмыстарына талдау жасай келе, көптілді немесе екі тілді шетелдік білім алушыларға арналған транслингвалды оқытудың моделін ұсынамыз.



Presented with xmind

Сурет. 1: Транслингвалды оқытудың моделі

Дайындық кезеңі. Біздің жағдайымызда қазақ тілін түркімен студенттеріне оқыту негізгі мәселеміз болмақ. Сол себепті түркімен студенттерін қабылдаған кезде олардың тілдік деңгейін және қосымша тағы қандай тілдерін білетінін анықтадық. Түркімен тілі

басқа түркі тілдері сияқты қазақ тіліне грамматикалық және тілдік құрылымы жағынан ұқсас келеді. Алайда фонетикалық, лексикалық айырмашылықтар бар болғандықтан, олар қазақ тілінде еркін сөйлей алмайды. Көптеген сөздерді түсіне бермейді. Олар Қазақстанға келіп, бірден оқу орындарына түсіп, білім алып жатыр. Қазақ тілінде еркін сөйлей алмағандықтан, толыққанды кәсіби маман болып шығу мүмкіндігі азая түспесе, көбеймейді. Оқуға түскен бірінші жылы екі семестр бойы қазақ тілін оқып, тілдік деңгейін көтереді. Қазақ тілін оңай әрі тез меңгеруі үшін қазақ тілін транслинвалды аспектіде оқыту әдістемесін таңдағанды жөн санадық. А1 деңгейіне лайықтап, лексикалық сөздік қор таңдалып, сөйлеу әрекетінің түрлеріне лайықтап, оқу құралы әзірленуде. Түркімен студенттерге транслинвалды әдісті қолдана отырып оқулық жазуда адамның қабылдау қабілетін ескеріп, біркелкі жазумен емес, әртүрлі шрифтермен екі тілді өзгешелеп көрсету, түрлі суреттермен ассоциация тудыру т.б. әдістер қарастырылған.

Интербелсенді үйрену немесе мәдени араласу деген тек тілдік деңгейде ғана емес, мәдени деңгейдегі интеграцияны көздейді. Студенттер өздерінің ана тілі мен үйреніп жатқан тіліндегі мәдени байланыстарды талдап, салыстырады. Мысалы, түркі халықтарына ортақ тарихи тұлғалар мен кейіпкерлер бар. Мысалы, Қазан хан, Алпамыс батыр, Қожанасыр, Алдаркөсе т.б. ортақ тарих пен мәдениеттің айғағы. Студенттер сабақ кезінде қыз ұзату, келін түсіру, баланы сүндеттеу сияқты салт-дәстүрлерден көп ұқсастықтарды студенттер таба алды. Лингвоелтанымдық бағытта тілді меңгерту дәстүрлі әдіс болғанымен, транслингвалды оқытудың ішінде салыстыру, ұқсастық табу, соған қарап тілді үйрену басқаша сипатқа ие болады. Ғалымдар көпмәдениетті қоғамда оңай бейімделіп, өзге мәдениеттерді құрметтейді дейді.

Практикалық қолдану кезеңінде студент екінші тілді күнделікті өмірінде, мысалы, әлеуметтік желіде, көшеде, оқу орнында т.б. тілдік ортада дамытатын болады. Егер сабақ кезінде болатын болса, рөлдік ойындар, түрлі жағдаяттардан шығу, мәселені шешу сияқты проблемалық тапсырмаларды беру арқылы тілдік қабілеті мен дағдысы күшейе түседі. Сонымен қатар код-ауысу (бір сөйлемді немесе мәтінді бірнеше тілде қолдану), көптілді жазу және сөйлеу дағдыларын дамыту, әр түрлі тілдегі ақпараттарды түсіну және аудару транслингвалды оқытуда жиі қолданылатын әдістер. Көбірек тәжірибе жасаған сайын сол тілде сенімді сөйлей алатын болады.

Қорытынды

Транслингвалды оқыту – тіл үйренушінің барлық тілдік ресурстарын кешенді түрде қолданып, олардың коммуникативтік дағдыларын дамытатын инновациялық әдіс. Бұл тәсіл дәстүрлі көптілді оқытудан ерекшеленеді, себебі ол тілдер арасындағы шекараны бұзып, олардың өзара әрекеттесуін қолдайды. Транслингвалды әдістің негізгі мақсаты – оқушыларға тілдерді жасанды шекараларсыз меңгеруге мүмкіндік беру. Бұл тәсіл көптілді мемлекеттерде өте өзекті, себебі ол бірнеше тілдің табиғи үйлесімде қолданылуына ықпал етеді.

Сонымен осы зерттеуде ұсынған транслингвалды оқытудың моделін қысқаша қорытатын болсақ:

1) Дайындық кезеңінде студенттердің тілдік деңгейі анықталып, түркі тілі мен қазақ тілінің ұқсастықтары анықталады. Ол тілдің барлық жүйесінен, ортақ морфологиялық, синтаксистік, лексикалық, фонетикалық ұқсастықтар алынып талданады.

2) Интерактивті үйренуде түрлі тілдік тапсырмалар (диалог, мәтін талдау, ойындар т.б.) дайындалып, түркі тілдері мен қазақ тілі арасындағы грамматикалық байланыстар көрсетіледі. Бұл кейде «тілдер арасындағы трансфер механизмдері» деп аталып, қазақ және басқа түркі тілдеріндегі грамматикалық параллельдер кеңінен қолданылады және барынша интербелсенді әдістер мен цифрлық ресурстарға сүйенеді.

3) Практикалық қолдану кезінде қазақ тілінде әр түрлі контексте қарым-қатынас жасай алу қабілеті, дебат, презентация, эссе сияқты айтылым, жазылым дағдыларын шындайтын қазақ тілінде сөйлеу тәжірибесі дамытылады. Бұл деңгейде код-ауысу (Code-Switching) түркі тілдері мен қазақ тілінің арасындағы ауысуды саналы түрде пайдалану, тіларалық салыстыру (Contrastive Analysis) екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау, мультиәдеби тәсіл (Multiliteracies Approach) түркі тілдеріндегі мәтіндермен жұмыс жасау стратегиялары тиімді саналады.

4) Бағалау және кері байланыста барлық кезеңде жүргізілген жұмыстарды саралап, студенттердің ауызша және жазбаша жұмыстарының қорытындыларын негізге алып, қазақ тілінде сөйлей алу жетістігіне анализ жасалады. Әдетте бұл рефлексиялық эссе жазу, түркі тілімен (өз ана тілімен) салыстыра отырып пікірін айту әдістері қолданылады.

Қорыта келе айтарымыз, студенттер бір ғана тілді емес, барлық білетін тілін қолданған кезде, мысалы орыс, түркімен, қазақ тілін білетін студент бір тақырыпты түсіндіру кезінде барлық тілдік білімін пайдалана алады. Бұл тіл үйренуді табиғи әрі тиімді етеді. Тіл үйренушінің интуициясы дамиды және түрлі тілдің құрылымдарды салыстыра отырып, материалды түсінуді, қабылдауды жеңілдейді. Транслингвалды оқыту екі тіл немесе одан да көп тіл білетін кез келген тіл үйренушіге қолдануға болатын әдіс болғанымен, түркі тілдес студенттерді оқытуда аса тиімді екені анықталды. Біріншіден түркі тілдері туыс тіл болғандықтан олардың құрылымы (типіне қарай жалғамалы тіл) бірдей, екіншіден, грамматикалық ұқсастығы көп, үшіншіден, туыс тілдердің мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрінде де ұқсастықтар өте көп. Мұның бәрі транслингвалды әдісті қолданып тіл үйреткенде екінші тіл ана тілінің күшейе түсуіне ықпал етіп, тіл үйренуге деген қызығушылықты арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Akhmad Hairul Umam, Setiono Sugiharto, Christine Manara. Translingual practice in remote EFL tertiary education: How multilingual speakers create translanguaging spaces. Indonesian journal of applied linguistics. vol. 13 no. 2, september 2023, pp. 258-269 <https://ejournal.upi.edu/index.php/IJAL/article/view/63065>. <https://doi.org/10.17509/ijal.v13i2.63065>
- Akhmad Hairul Umam. Translanguaging as a practical pedagogy based on educators' perspective. Anglo-Saxon: Jurnal Ilmiah Program Studi Pendidikan Bahasa Inggris. VOL. 13, No.1 : 76-87 Juli 2022. P-ISSN 2301-5292. E-ISSN 2598-9995
- Bialystok, E., Craik, F. I. M., Klein, R. and Viswanathan, M. (2004), Bilingualism, Aging, and Cognitive Control: Evidence From the Simon Task. *Psychology and Aging*, 19(2), 290–303.
- Brinkschulte, Melanie, Grieshammer, Ella, Stoian, Monica-Elena, (2018), Translingual Academic Writing at Internationalised Universities: Learning From Scholars. *Journal of Academic Writing* Vol. 8 No 2 . P. 150-160 <http://dx.doi.org/10.18552/joaw.v8i2.460>
- Canagarajah, S, (2011), Translanguaging in the classroom: Emerging issues for research and pedagogy // *Applied Linguistics Review*. Vol. 2. No. 1. P. 1-28.
- Gabit Kaiyrzhanuly, Khassanov, Tuimesh Malbagarovna, Darisheva, Aigul Galimzhanovna, Bozbayeva, Gulnara, Akhmetova, Assel, Utegenova, (2024), Theory and Practice in Language Studies, Vol. 14, No. 8, pp. 2316-2325. DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1408.04> ISSN 1799-2591
- Green, D. W., & Li, W. (2014), A control process model of code-switching. *Language, Cognition and Neuroscience*, 29(4). P. 499–511.
- Jubin Abutalebi, Brendan S. Weekes, (2014), The Cognitive Neurology of Bilingualism in the Age of Globalization Hindawi Publishing Corporation Behavioural Neurology Volume 2014, Article ID 536727, 3 pages <http://dx.doi.org/10.1155/2014/536727>

- Myers-Scotton, C. (1993). *Social Motivations for Code-Switching: Evidence from Africa*. Oxford University Press. *Language in Society*, Volume 24, Issue 2, April 1995, pp. 302 – 305. <https://doi.org/10.1017/S0047404500018741> Cambridge University Press 1995
- Ofelia, García and Li, Wei (2014), *Translanguaging. Language, Bilingualism and Education*. Palgrave Macmillan. P. 175 DOI: 10.1057/9781137385765.ISBN: 978-1-137-38576-5 PDF
- Santi Agustin, Ribut Wahyudi. Indonesian university students' practices and perspectives on translanguaging. *Journal on English as a Foreign Language*. Vol. 14, No. 1, March 2024, pp. 238-260. Journal homepage: <https://e-journal.iain-palangkaraya.ac.id/index.php/jefl>
- Sartika Sri Rahayu, Dewi Rochsantiningih, Sumardi. Teacher Practices in Translanguaging and Trans-Semiotizing Pedagogy in ELT classrooms: An Indonesian Case Study. *Voices of English Language Education Society*. E-ISSN 2579-7484 Vol. 7, No. 2; October 2023. Pages 345-354. DOI: <http://dx.doi.org/10.29408/veles.v7i2.21304>
- Sitong, Wang, (2022), Exploring the translingual approach to english as a foreign language writing in china. *International Journal of Education (IJE)* Vol.10, No.3. DOI: 10.5121/ije.2022.10302
- Smagulova, Juldyz (2008), Language Policies of Kazakhization and Their Influence on Language Attitudes and Use. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 11: 3, 440 — 475. DOI: 10.1080/13670050802148798 URL: <http://dx.doi.org/10.1080/13670050802148798>
- Sutiono Mahdi. Effective Communication in Learning: Teacher Strategies and Their Impact on Student Learning Outcomes. *International Journal of Linguistics, Communication and Broadcasting*. Vol. 1, No. 4, pp. 26-30, 2023. e-ISSN: 3026-7463
- Xuan Zheng . Translingual Identity as Pedagogy: International Teaching Assistants of English in College Composition Classrooms. *The Modern Language Journal*, 101 (Supplement 2017) DOI: 10.1111/modl.12373 0026-7902/17/29-44
- Колшанский Г.В. О языковом механизме порождения текста // ВЯМ. 1983. – № 3.